

**Семей қаласы мәслихатының 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 18/115-VI "Семей қаласында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2023 жылғы 4 желтоқсандағы № 14/83-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 11 желтоқсанда № 182-18 болып тіркелді.

Абай облысы Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Семей қаласы мәслихатының "Семей қаласында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 18/115-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5226 болып тіркелген), шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 - бабына, Қазақстан Республикасының "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңының 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Абай облысы Семей қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**";

көрсетілген шешімге қосымшаның 2 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу (бұдан әрі – оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу "Абай облысы Семей қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі мүгедектігі бар баланың үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы негізінде жүргізеді.");

көрсетілген шешімге қосымшаның 4 - тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін өтініш берген айдан бастап жүргізіледі."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Семей қаласы мәслихатының төрағасы*

*Д. Шакаримов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК